

Антика дүниесі мәдениетінің сипаты мен дамуы

Орындаған: 1 - топ

Қабылдаған: Абдуразакова Гаухар

Тобы: АТ-18-1.1


Жоспары:

- **1.Антика дүниесінің мәдениеті;**
- **2.Ежелгі Грек мәдениеті;**
- **3.Ежелгі Рим мәдениеті.**

● «Антика» сөзінің латын тілінен аударғанда «көне» деген мағынаны білдіретінін ескерсек, бұл жалпы философиялық ой дамуының бастапқы кезеңін аңғартады. Алайда қалыптасқан дәстүр бойынша антик дәуірі тек батыстың көне заманын білдіріп, осы грек — рим әлеміне қатысты айтылады. Антикалық мәдениет — барлық грек-рим көне бағыттардың жиынтығы.. Ежелгі Грекия тарихындағы басты оқиға грек-парсы соғыстары (б.з.д. 500-449 жж.). Осы дәуірде антикалық полис — архаика аяқталып, классикалық өркендеу кезеңі басталды. Грекия әлемге әйгілі ұлы философтар — Аристотель, Платон, Сократ және тағы басқа ірі тұлғаларды әкелді. Ғылымға материяның бөлінбейтін бөлшегі «атом» ұғымын енгізген Демокрит болды.



Антик дүниесінің өнері деп аталатын ежелгі Грекия мен Рим мәдениетінің әлемдік өркениетте алатын орны ерекше. “Антик-(көне, ежелгі)” деген ұғым. Қайта өрлеу дәуірінде дүниеге келген, бұл терминді итальян ойшыл-гуманистері грек-рим мәдениетіне байланысты қолданған. Бұл атаудың түп төркіні “ежелгі”, “көне”, “қадым заман” мағынасын беретін “антиквус” деген латын сөзінен шыққан. **Көне мемлекеттердің мол**, мәдени мұрасы Еуропаның барлық халықтары өнерінің, көркем әдебиетінің, философиясының, театрының және т.б. дамуына, саяси және құқықтық көзқарастарының қалыптасуына елеулі ықпал жасады. Өмір шындығын нақты бейнелеп, көркемдік пен қарапайымдылық, шыншылдық пен шеберлік қасиеттерімен белгілі болған грек және рим сәулетшілерінің, мүсіншілерінің және кескіндемешілерінің даңқты мәдени туындылары-көне заман тарихы ұғымызды кеңейтіп қана қоймай, мәдениеттің асқақ үлгісі ретінде күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай отыр.



● Грекияның көне мәдениетінің тамыры тереңде жатыр, өйткені, оның бастауында б.з.д. III-II мыңжылдықтарда Грекия жері мен Эгей теңізі аралдарын мекендеген тайпалардың өркениеті жатыр. “Эгей” өркениеті мәдениетін міне сондықтан да грек халқының ежелгі мәдениеттің қайнар бұлағы болды, ең ерте шағы Эгей өнерімен сабақтас. Б.з.д II-мыңжылдықта Эгей мәдениетінің аса маңызды орталықтары Крит аралы мен Пелопоннес түбегіндегі Микены болғандықтан да Эгей өркениетін Крит-Микены мәдениеті деп атайтын болған. Грек аңыздарына қарағанда Крит-ұлы жебеуші, найзағай тәңірі Зевстің туған жері. Аңыз бойынша гректердің ең басты құдайы Зевс бұқа бейнесіне еніп, Финикия патшайымы, Асқан сұлу Еуропаны алып келеді, ал одан аралдың болашақ билеушісі Минос туған. Атақты геракл өз ерліктерінің бірін дәл осы Крит аралында жасаған, құтырған бұқаға бас үйреткен. Гомер де өз дастандарында бұл арал қалаларының бай екендігін мадақтай көрсетеді. Ал шындыққа белгісіз кейбір аңыздарда Зевс пен Еуропаның баласы Минос ел билеуші патшалардың ішіндегі ең әділеттісі болыпты-мыс дейтін деректер бар.



Крит-Минос



Зевс

Ежелгі Грецияда әр түрлі қалаларды біртұтас байланыстырып, грек халықтарын біріктіретін мәдени қатынастар болған. Бұл халықтарды өзінің мерекелерімен, ойындарымен, оракулдарымен біріктіретін орталықтар-Балкан түбегінің қалалары болатын. Грецияда құдайларға арналған діннен басқа да сипаты бар, арнаулы мерекелер болатын. Олардың негізгі көрінісі физкультура жарыстары, музыка, ән және т.б. болған.



Ежелгі Рим мәдениеті б.з.д. I ғасырдың соңы мен біздің заманымыздың II ғасыр – ертедегі империя дәуірі (принципат дәуірі) құл иеленушілік қатынастар дәуірінің өркендеуі. Рим мемлекеті Шығыс жерорта теңізі, Солтүстік Африка Еуропаның үлкен бөлігін өзіне қаратқан ірі империяға айналды. Рим мәдениетіндегі шарықта шегіне жеткен мәдениеттің бірі ерте заманғы империя дәуірі әдебиеті. Ерте заманда портретті бейнелеу ерекше дамыды.

Христиан діні Рим империясының шығыс провинцияларында кең тараған құтқарушыны — мессияны күту идеялары негізінде пайда болған.



The End